

## **ҒҰМЫРДЕРЕК**

Ерік Омарғали – 1992 жылы 22 наурызда Семей өңірі, Қалбатау ауданында жарық жалғанға келді Алғаш «әліп» таныған білім көкжиегі – Белтерек аулының мектебі. Тырнақ алды жыр кітапшасы мектеп құшағында жүрген 2009 жылы «Сәуір Сыры» деген атпен жарық көрді.

2010 жылы № 37 – «Ыбырай Алтынсары атындағы» Гимназияны тамамдаған ол 2016 жылы «Әлихан Бөкейхан университетінің» Филология факультетіне қабылданып, 2020 жылы табыспен оқуын аяқтады. Әрі сол жылы «Күз кіндігіндегі күмбір» атты жыр жинағын оқырманға ұсынды.

...Шыр айналған дүние кеңістігінен: «ерке мінезді ақын» қанша уақ адасып жүріп өзіне іздегенін тапты! Барлық ақын атаулы жер бетіне белгілі бір миссиямен келетіні ақиқат... Аян! Заманалармен —Заманды,

Адамзат пен – Ғаламзатты, Тылсым да Жұмбақ Табиғатты, Қоғамды әрбір ақын ерекше көретіні шындық!

Жасынан «жұмыр жүрегіне» қара өлең ұялаған, жампоз жырлардың иесі, республикалық, аймақтық, қалалық мүшәйралар жеңімпазы.

Ерік Омарғали 2017 жылы Талдықорған қаласында өткен, «Ілияс Жансүгіров атындағы» республикалық студенттер мүшәйрасының 1 орнын жеңіп алса,

сол жылы Семей қаласында өткен «Алаш» мүшәйрасының бас жүлдесін еншіледі. 2021 жылы тамызда Шығыс Қазақстан облысы бойынша Өскемен қаласында өткен «Кемеңгер би – Кетбұқа» мүшәйрасының «ынталандыру сыйлығына» ие болған.

## **АҚ ҚАРДЫ КӨРГЕНДЕ МЕНІ АҢСА**

Ақ қарды көргенде

мені аңса,

Бақтарды кезгенде

мені аңса,

Аңсаудан мәңгі жаралған!

Кештер де жабықсаң

мені аңса,

Түстер де торықсаң

мені аңса,

Қаншама өндірі ақ арман!

Қызыл ай батқанда  
мені аңса,  
Көзіл ілмей жатқанда  
мені аңса,  
Жарығым, сөнбес санамнан!

Күз жауын сепкенде  
мені аңса,  
Мұз қарып өткенде  
мені аңса,  
Жылулық іздеп ғаламнан!  
Аңсаудан менде жаралғам...

### **ЖАҢБЫР ӘНІ**

Қай әнді айтайын, әй, ерке қыз?!  
Бір әннің әуезі Күз дерсің...  
«Қоштасу жайлы сыр шерте біз»,  
Сағынышқа орап іздерсің...

Күмісім менің, алтыннан құнды,  
Кірпігің ұшы сондай нұр.  
Көктем әуенін – аңқылдақ үнді,  
Айтар ем, зауқым болмай жүр.

Тыз етер жаның. Өтпелі бәрі.  
Өткеннің мұңы – бір аңсар.  
Мойындауыңа жетпеді ме әнің?  
«Махаббат әні» мұнар шам...

Ақынға үнсіз жарасып өлең,

Аһ ұрған жолдар, тағдырлар.  
Көктемнің әні – қарашық елең.  
Күздікі – жаңбырлар!

### **ЕКЕУЛЕП МҰҢЫМ ЖАУҒАНДА**

*Экспромт*

Екеулеп мұңым жауғанда,  
Емірен көңіл жас бұрқақ.  
Айналып дүние думанға,  
Күн – шатырдың астында - ақ.

Нәріне қанық түс, кештер,  
Нәлеті қалып аузыңда.  
Қараша қардай із төстер,  
Қарашығыма қаужырға.

Қаланың тысын сөгетін,  
Бұрқырау мінез – абадан.  
Қайтадан түске енетін,  
Жарасын өзі жалаған.

Жалтарған Ертіс қатқақ - ты,  
Ару меңіндей жасырын.  
Екелеп мұңым жоқтатты,  
Ғазалға қимас ғашығын.

Тобасы қайда тобасы?  
Түнеген түннің Ай ауылын.  
Қарашық семсе, ол – жасы,  
Жұбатпайсың ба аяулым?..

## **ЖАҢҒЫЗДЫҢ ҚОҢЫР ЖЕЛІ**

*Этюд*

*(ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВҚА)*

Қаламымен Қаруы қатар оғылан,  
Аман келген майданнан атар оғынан.  
Мінезі де Жаңғыздың қоңыр желі,  
Бір өзі де айбарлы Ер, қаһар қонған.

Сиясындай қазақтың кең даласын.  
Ұясындай қыранның бер бағасын.  
Әзілхан Нұршайықовтың көшесінде,  
Құлашыңды бір серме, енді, алашым!

Бұл Семейдің ыстық қой құм тасы да,  
Өз – Ағаның айналған тұлғасына.  
Аңқылдаған ақбейіл, көңілімен,  
Кім кепіл һәм құшақтап тұрмасына?!

...Мен тұрмын, жырымды оқып, кең көсіле,  
Әзілхан Нұршайықовтың көшесінде!  
Жаңғыздың қоңыр желі үп еткенде,  
«Махаббат, мол қызықтар» келді есіме...

## **ӨЛЕҢ – ШЕКСІЗ АҚИҚАТ ҒҰМЫР – ШЕКСІЗ**

Өлең – шексіз ақиқат ғұмыр – шексіз.  
Неге өлімді ойлаймыз түңілсек біз?!  
Ай сүтіндей түндердің аясында  
Күн саумалды күндердің мыңын өткіз.  
Сен тоқталма, жалғанды бала арманға,  
Өз – өзіңнен уәде бер жоғалмауға!  
Мәңгіліктің жұмбағын тапқан кім бар

Мейірімділікке Зұлымдық жаралғанда!

Көкіректі кеулеген мұң сарылып.

Әр мұң тамшы сілбіреп құрсағы бұлт.

Жүрегімнің түбінен қалқып шығам,

Ойларымды тамызып жусан – уыт..!

Он сегіз мың ғаламның бір нүктесі,

Сүйдік несін тәңірдің түйдік несін?

Маған өмір берілді тек жырлауға,

Ол да ақиқат.. өмірде жыр бітпесін...

### **ШЫҒЫС ДАСТАНЫ**

Тым іш тартқанын...

Күмісті ақ таңын...

Құныс бақтарын...

Ұғыспас хәлін...

Тіл ұстартқанын...

Тыныс тапқанын...

Уыстап барын...

Қылышта ұстарын...

Бар ма екен ақын?

Жазатын – Жүніс боп бәрін!

Рабия сұлудай – шығыс дастанын!..

### **СОЛ ГҮЛДІ МЕН ДЕ САҒЫНДЫМ**

Сол гүлді мен де сағындым,

Тоңдырса, тоңдым, торықтым.

Жалғызы бейне шағылды,ң,

Шағымсыз тағдыр көріктім.

Сол ойға мен де батқаным,

Солғын өң жүдеу тартып от.

Білсе ғой, білсең, аппағым,

...Білудің соңы да қасірет.  
Сол күнде сені көрген сәт,  
Жүсіпше түрмен таңдана.  
Жүзіңе жүзіп мелдей пәк,  
Туғандай қарап Ай жаңа.  
Сол ұшқын шашып бойға өртін,  
Мен, бәлкім, кеттім ақын боп.  
Гүлдерді көрсем, ен жарқын,  
Тоңамын неге ғапыл боп?  
Сол гүлді күнде сағындым.  
Түндерде тоңдым торықтым.  
Жалғызы бейне шағылды  
Сен қайдан маған жолықтың?

#### **СЕН ӨЛЕҢНІҢ ПЕРІШТЕ ҚҰСЫН КӨРДІҢ БЕ?**

Сен өлеңніңперіште құсын көрдің бе?  
Сене де алмассың, Сенгің де!  
Мен түс көріп жатсам оятар,  
Ұшып жаратылып ернімде.  
Ол сондай нәзік ақылды оты – ұшқыр.  
Жасай да салады - ау, оқыс түр.  
Онымен әуре әрқайсысы жеңілер,  
Тәкаппарлан ба, тегіс құр.  
Алдама жалған, оқ сұрап тұрып, атылар,  
Ақиқатына ақиық көздер аһ ұрар.  
Жиіркеніп түге, айнып қалатын ауырып,  
Надандықтарға опына әр.  
Періште құсым!  
Сен ұшшы, зәуде, жер түспе!  
Қалықтағаның, бақытты ғой, енді, үстем.  
Іңгәлап, сосын, жатамын,  
Жүрегім – Кеңісте...

## **АҢСА МЕНІ**

Жұлдыз жанғанда,  
Жалғыз қалғанда,  
Баққа барғанда,  
Әппақ қарларда,  
Өрсең бұрымды,  
Көрсен жырымды,  
Күзде, көктемде,  
Іздеп бөктерде,  
Толқын соққанда,  
Әр түн батқанда,  
Самал ескенде,  
Нала кештерде,  
Гүлдер жұпарда,  
Мүлде мұқалма,  
Ай нұры толғанда,  
Жаңбыр жауғанда,  
Аққу ұшқанда,  
Пәктік құшқанда,  
Мұңлы шақтарда,  
Жұлдыз аққанда,  
Аңса мені!  
Аңсарым менің...  
Аңсарым менің...

## **ӨМІР СУРЕТІ**

Сен сурет салдың, сағыныш жайлы.  
Сағынышын жырлайтын сары құс қайғы.  
Мөлт ете қап, жалт ғұмыр, суық қарап,  
Жазып алар жадына өмірге ұқсайды.

Сен сурет салдың, ақ гүлдер үшін,  
Аңқа жарған жұпары дәптердің ішін.  
Бір көбелек өткен түн түсім бе екен,  
Қанатына байлаған сәттерді мүсін.

Сен сурет салсаң, ғаршылық – хабар,  
Қауызынан әлемнің аршылып қалар.  
Сары құс ұшып, шырылдап барып,  
Суық - суық арманын жасырып қалар.

Сен сурет салсаң, айнабояумен.  
Ақиқат сыйы – ол да тереңнен.  
Сұлулық тамған саусақтарыңнан,  
Суретсіз дүниені қайда қоям мен?  
...Сен сурет салма !

### **ХАТТАР СҰЛУ...**

Сәттегі жазған саған хаттар сұлу,  
Оқырсың, оқымассың, ақпан сұлу.  
Кірпігің бір жұмылып, бір ашылып,  
Көзіңнен кермек жасың аққан сұлу.

Күндерде жазған саған хаттар сұлу,  
Оқырсың, оқымассың, ақ таң сұлу.  
Мен өтіп баратамын жабығумен,  
Өбетін гүлдерді ойлап бақтан сұлу.

Аптала жазған саған хаттар сұлу,  
Оқырсың, оқымассың, ақпар сұлу.  
Мендегі жалғыз әннің қайырмасы,  
Сендегі ақ жүректе жатқан сұлу.



Ай – айда жазған саған хаттар сұлу,  
Мөлдірер терезеңнен шақтар сұлу.  
Күнменен.. бәлкім, кеште, оқылады,  
Сарғайған сағынышпен батқан сұлу.

Жылдарым жазған саған хаттар сұлу,  
Мөлиіп мұңлы мезгіл мақпал – сұлу.  
Мұп – мұздай саусақтарым өрнектеген,  
Сезімнің суретіндегі қатпар сұлу.

Ғасырлар жазған саған хаттар сұлу,  
Асылған ай жүзіндей сақтап сұлу.  
Көмескі тартқан парақ ақторғындай,  
Мойныңды йілтеді, шаттан сұлу...

Дәуірден жазған саған хаттар сұлу,  
Мәңгіге темірқазық қаққан сұлу.  
Ханзада алмас жүзік сертпен сүйіп,  
Ханшаға елжіретіп таққан сұлу.

Бейкүнә жазған саған хаттар сұлу,  
Үлбіреп үзілердей тартқан сұлу.  
Тасқа да айналуы ғажап емес,  
«Сүймеймін!» деген сөзді айтқан сұлу!

## **ТОРАСАУ**

### *Баллада*

Мінер жақтан үркіп қалған шу асау,  
Сылаң қаққан құйғытқанда тым асау,  
Жаясына қамшы баспай заулайтын,  
Шашасына шаң жұқпаған Торасау!

Жылқы үйірі айғырымен танылар.  
Жылқышының құрығының қалы бар.  
Қабағына сарыаязда мұз қатып,  
Кіртілдетіп тұяғынан сары қар.

Әлкең танып құлынынан торының,  
Сынға тартып іштей көзбен порымын.  
Басып мінген асаулардан Борлыда,  
Мінезінің қара деді шодырын.

Шодыры жақсы Әлкеңе өзі шобырдан.  
Бозбала шақ бозаңда өскен ол бір паң.  
Тоқымына қақ тұрмайтын жануар,  
Жел естіріп оңынан да солынан.

Торасауды өзі ғана бап білген,  
Шалқұйрықша құйрық – жалын шарт түйген.  
Елеңдеген еліктен де үрікпейтін,  
Тізгіндесе, Әлкең әнмен салт мінген.

Тау ішінде түздің жортқан бөрісін.  
Соғып алған сойылымен «соры үшін».  
Құрайттап қыс қаңтарда торыны,  
Қияуынан қия салар қонысын.

Шіркін, кербез жөн көргенмен жорғаны,  
Таңдандырған Торасаудың мөр – қалы.  
Сәкен әнін тау ішінде қыздырып  
Қостарын – ай жылқышының сондағы...

Жылқы – текті көшпендінің жолынан.

Торасаулар таңылар ма тобынан.  
Бар айтқаны қара күзде қаз қайтар,  
Қараөкпенің мерт болды асау салынан.

Әлкең деген әкем еді дүм – дүрсін.  
Рухын іздеп Торасауы шыңғырсын...  
Көкжал жайлы әңгімесін жұрт білер,  
Тұлпар жайлы әңгімені кім білсін?..

### **“КӨКЖАЛДЫҢ СӨЗІ”**

#### **Монолог**

*(ОСПАН БАТЫР РУХЫНА)*

"Тайларды қосар. Байларды жалғар. Мен – өлсем.  
Топырағына қазақтың тамыры құрлы теңелсем.  
Көне деп жүргеннің көзі де мүмкін.. Біздер – ау,  
Біздерден соң да, тасып та тасқын келер сең.  
Ойбайды қаяу, бай – байды аяу, толғар ел.  
Сондай еді деп те, көпіре көпшік қомдап ел.  
Кіндікті кескен кір – қоңым қалған тарпаңым  
Өзіңнен ассам... көзіңнен жасты ал, саңлақ ел.  
Сәруар таңың, мәрмәр тауың, бұлыңдап.  
Көкжалың жортқан ажал оғынан ұрын қап.  
Жүрегім менің, жиырылып соқты тағатсыз,  
Қоңырау далаңа, омыраулы обаңа, құлындап.  
...Сондай дегендер! Тасыңа сенің қиса егер,  
Тастан да жұмсақ сезімім барына тұмса бел.  
Жұта да беретін өзімдей болып күні – түн,  
«Ақиқаты ащы» – деп біреулері – жусан ер.  
Асау жылдарға салсам да сонау бұғалық,  
Бас бермей қарғып, өршеленеді ме тұлап ырық?  
Әжім басқан бауырыңда мені – құшып жат  
Ақжаулығына әжемнің кірген қуанып!

Тынымсыз күндер... Тынымымды ал менен.  
Әкемдей дүние! Әттеңің қалса, шалмамен.  
Сүңгіп те кеткен құмыңа Құбыл Көкжалың...  
"Еркіндік" сенен – ып – ыстық тамшы бар ма өлең!?"

### **КӨГЕРШІН**

*/Көпір астындағы ойлардан үзік/*

Көгершіндер кеше көрген,  
Мейірім сауған айнала.  
Ертіс нұрға түссе көлбең,  
Жылы тиіп самала.

Қытықтаған жас балаша,  
Сендердегі үн қандай.  
Адалдыққа таққан аса,  
Тұмарларың үр қандай.

Үрікпеңдер! Менде жыр бар.  
Жаңбырлы күз соңынан.  
Бақыт әні кеудемді ұрған,  
Көгершіндер қолы ма...

### **ЖЫР ОТЫ МЕНІ ЖЫЛЫТАДЫ**

Жыр оты мені жылытады,  
Жылытпаса да, мені өмір!  
Уақыт – ай, сұмдық, ұры, тағы,  
Құлазыма сен, ей, көңіл!

Жыр оты менің – жанымдағы өрт.  
Жаныма алау сол дәйім.  
Күбірлейді ме сағынба деп?  
Көктем бүрлеп те тал – қайың.

Жалғыздық ақын бөлмесін көр де,  
Құмыға тыңда, жас шылап.  
Дәтің бара ма сен кешірмеуге?  
Ақыл – айдынға тас құлап.

Тасыған селде – қарсы тұр шабыт.  
Білмейсің, кімнің не дерін?..  
Өмірдің бетіне айтшы, тік ғаріп,  
Сүюмен жеңуді өлеңім...

### **ЖАРАТУШЫ ХАҚ ИЕМ!**

Жаратушы Хақ Ием!  
Жанар жастан семді.  
Тағдыр басталса енді.  
Жаратушы Хақ Ием!  
Үміт сабақты ине.  
Күдік қарақ күйде.  
Жаратушы Хақ Ием!  
Бақыт.. бар білем.  
Уақыт.. тар жүген.  
Жаратушы Хақ Ием!  
Сұрақ сенен бе ?  
Құлап келем мен. . .  
Тағдыр басталып.

### ***ФЁДОР ТЮТЧЕВтен***

*(аударма)*

### **ӘУЕДЕ ПҮЛІШ – КӨК ҚАНАТ**

Әуеде пүліш – көк қанат,  
Көлеңке түгіл, мол жарық.  
Патшадай өзі – отқарақ,  
Бұйырады долданып.

Жаунары ойнап бүтіндей,  
Салтанат құрса еркінде.  
Бақсының түнгі сүпіндей,  
Сәулелер шіркін көркінде.

Өліараның ба, баянындағы?  
Түн түрленсе жез кеуім...  
Ақшақар қыстың бояуындағы  
Бір күйге тартса өз ішегін!..

***СЕРГЕЙ ЕСЕНИНнен***

*(аударма)*

**ТӘҢІРІМ ЖҮРЕККЕ ОТ БЕРДІ**

Тәңірім жүрекке от берді:  
Ақын боп сезіндім ғаламды,  
Ақын боп сезіндім жалғанды,  
Күз бенен сүйіп Көктемді!

Күнікейім тербеп ең әуел:  
Үзілген өлең тізбегі...  
Мейірімнің күңгірт іздері...  
Қарашық сәулем, қона көр!

Қызыл - ды – жасыл үнімнен:  
Жоқ бақыт келсін тосыннан,  
Әуені көктен қосылған,  
Қанатына тылсым ілінген.  
Жұмбақ қой, бәрі! Түңілме.

**АННА АХМАТОВАдан**

*(аударма)*

**КЕШЕУ ЖАПЫРАҚ**

Жақыным – жүрегімдегі,

Жырақтасаңыз и мейлі.

«Бақыт ұғымын» бұл өмірдегі –

Бақытсыздар білмейді!

Жылай алмаймын, жалыным басып,

Келсе үмітті... Кім сырар ?

Гүл шоғындағы әр күнім ғашық,

Өлімге бас тік – мұң сыңар!

Тегершік уақыт. Сезім сыздайды.

Аппақ қардағы – аппақ із...

Сыңғырлап тұрар, өзіңіз жайлы,

Кешеу жапырақ бақта аңыз...

**ҚАРАУЫЛДА...**

Бір қарашық үңілген бір қарашық,

Жүрегімен, жанымен жырға ғашық.

О, Қарауыл, сен қандай қасиетті ең,

Абай жазған өлеңдей қырдан асып...

Жол шиырлап жеткізген төрің де кең.

Орда тауым, Ералым, керім мекен.

Ақшоқыға бұрылмай, кете алмаймын,

Жидебайым мұнарып шер үндесем...

Төгілмесем, сөгілем, білші, жайды,

Қасқабұлақ, Бөрілі — мұңсырайды.

Иірілген асықтай үнсіз далам,

Көз алдымда тұнжырап жыр сұрайды...

Ұшып бара қайтадан қасқалдақ ән,

Қонар, сезем, құйылып аспандаған.  
Қарауылда... Мерғали... Төлегендер  
«Әлем жырын» уатқан, басталмаған!

**2021 жыл, қараша,**

**Неге, үнсіз, Алтай?**

*(Оралхан рухына)*

Қар қызы - менің іңкәрім  
ақшабұлт таранған.  
Ләйліден сұлу,  
Ләйләдан асқақ!  
Құлама сезім -  
Суықшатқалдан  
Қыраулап көзім -  
Алтайға бастап.  
Одағай қалсам алты үркер аспан  
Ботадай боздар Рахманға құйып.  
Кербұғының ояу  
Жаңғырығы ұласқан,  
Мүйізін сілкіп Алтайдан биік!  
Мені шақырдың құм мінез Бархан  
Мұзтаудың шыңы соңғы рет бұлың...  
Табиғат өзі - мүлгімес тарпаң  
- Адамдар ішінде сенің жоқ құның.  
Қасқа құлын жүр. Керімсал Ол да,  
Сағыныш нотасын ырғамай қайтсін...  
Қасқыр ұлыған түнде шерің таудан да,  
Күркіреп жасын құлжадай ақсын.  
Құлжадай безбен қу арал дала,  
Мертігіп асау тұсалмас ұлың.  
Көреді көзі құралайдың ғана



Құралай көзің - мұқалмас мұңың.  
Ғасыр пернесі Айпара - Ананың,  
Әппақ жаулығы - ақ дүние сағым.  
Кербұғы мендей қайтала бәрін...  
Сағындың бәлкім, әлди құшағын!  
Жүрегім бастым.  
Неге, үнсіз, Алтай?  
Ерісең еріп, бір құлақ салшы?  
Соғатын менің желім солақай,  
...Солақайларды - сен тыңдап қалшы.

**Семей, 2019 жыл,**

### **ТУҒАН ЖЕР ЭЛЛАДАСЫ**

Туған өлке.  
Туған мекен.  
Тым ыстық.  
Түңлік — Аспан Сәуле түскен күміс құт.  
Мен ойланып отыратын төбеден,  
Жүрегіме құйып жатыр жыр ытқып.  
Тұмса кезім. Қанса көзім. Бұлдырық.  
Тау обасы—көмбе жеткен «бір күлік».  
Мың — мыңдаған, жымыңдаған жұлдыздар,  
Арманымнан алған сонда сыр біліп.  
Қарай — қарай ұзағынан сүйініп.  
Көңілімнен көк ала бұлт үйіріп.  
Тамшыма кеп тамшы қосты, туған жер,  
Ақ жаңбыры ақ жанымды ұғынып.  
сенің қырың жазып қалған көнені...  
ат дүбірі, тақ сыбыры, о, нені?!  
мен ғой сенің ең алғашқы тарихшың —  
былдырыммен еркелеткен әуелі.  
бұлағыңда, құрағыңда, өзімдей.

ұшып жүрген құсың сынды сөзім кей.  
махаббатты айтушы еді — ертек деп,  
сұлулыққа ілінбеген көзімдей.  
Бәлкім, бәлкім, сүңгітетін тереңге?  
Жасыл барқын белдеріңді көрем бе?  
Ақындардың ғұмырындай — қып — қысқа  
«Сүйем деуім!» — сыяр ма екен өлеңге?..  
Бір айтылған әнім қалды. Сонау күн  
Мен де өзі құс — қиялды боп алдым.  
Қараса ұлып қоя берер ТУҒАН ЖЕР  
Қарашығы ыстық қандай жанардың...  
...Мен ойланып отырған ең, сол төбе  
Жыр оқи ма, түнде, кеште, ертеде.  
Сыңғыр үні кісінеген ЖОЛЫҢНАН  
Бір Күлігің шауып жетсе өлкеңе...

## **БҰРХАН**

*(Әке Жыры)*

Ей, ұлым, тыңда.  
Сұрап біл бәрін.  
Анаң — Ұмайдың  
қуат қылмағын.  
Асынған садақ,  
Ғасырға мадақ,  
Алтай мекенің,  
Ата — Мекенің,  
Бабаң — баһадүр,  
Санаң — сақа жыр,  
Қылыштай өткір,  
Туыста — тек бір,  
Түз ғұрпы құты,  
Біз түркі жұрты,

Жер үсті кіндік,  
Кеңістік түндік,  
Сұрап біл, таны,  
Қырат — қырқаны,  
Әлеммен егіз,  
Әуенде негіз,  
Көксұр Ай — Бөрі,  
Тақсыр айбары,  
Мәңгі есте Тұран,  
Шаңқ етсе қыран,  
Қорған бол, Елге,  
Ер бабаң — Білге,  
Өткеннің Мұңы,  
Күлтегін Жыры,  
Көзің тік Көкке,  
Құдірет — Жүректе,  
Қағанат ТҮРКІ ӘМ,  
Аманат БҰРХАН,  
Қазанат Тұлпар,  
Азамат Сұңқар,  
Ұрандап өскен,  
Ту байлап көшкен,  
Нақылға көмбе,  
Ақылға кенде,  
Төрт түстік шапақ,  
Төрткүлді ошақ,  
Мың түмен жасын,  
Күнге иген басын,  
Мұңдығым балбал!  
Шындығым заңғар!  
Тірлігім саумал!  
Киенді сақта!

Мін, енді, атқа!  
Жігерді мұқалтпа!  
Ұжданды түркі!  
Ызбанды сұрқы!  
Түз — дала жұрты!  
Құрыштанған ең!  
Туысқан әлем!  
Ұлысқа сәлем!  
Ұлысым, жаса!  
Ұлысым, жаса!  
Ырысың аса!  
Байрағымменен!  
Тауларымменен!  
Айналдым, Сеннен!  
Төр Алтай мәңгі!  
Өр Алтай мәңгі!  
Ен Алтай мәңгі!  
Сүйіп өт, ұлым!  
Биік өт, ұлым!  
КИЕ КӨКБӨРІМ!  
Ата — Жұрт — Қаһан!  
Атады бір таң!  
БАЙТАҒЫҢ, ТҰРАН!  
Байқап жүр,  
Баһадүр,  
Қаһарлы ұл, БҰРХАН!  
**Семей шаһары, 16. 09. 2021.**

### **ОЛ КЕЗДЕ КҮЗ**

Қайда, қайда, сол бір шақтың естелігі?  
Таратып төкпеймісің, кеште мұны!  
Бұрымың бұратылып көшкен өзен,

Қылығың пейіштің — ақ ескен нұры.  
Отты еді. Сол бір жылдар. Жарасы бал.  
Қиылып қарасатын қарашық әр.  
Жарқ еткен жасындай — ау, керуен — мезет,  
Көзіңнің аңғардым ба, қарасынан...  
Аспаны Сен жақтың да нөсерлі еді,  
Аспаны Мен жақтың да нөсерлі еді,  
Япыр — ай, теңіз кешіп жетсем деуші ем,  
Шамдары сөнгенінше көшеңдегі...  
Сен неткен бұйығы едің, шіркін, назды үн.  
Хаттардың көгершінін дүркін жаздым.  
Жауап та бермейтінсің, бірақ, түбі,  
Сеземін. Сүйетінсің. Сыңғыр қалпың...  
Арайлы таңдар қанша ағарды шым.  
Ақжұлдыз Түндегі алып жоғалды шын...  
Амандық тілеуменен әлі күнге,  
Армандап — мен, келемін, Саған, Құсым!

### **"ЖАНҚҰСАР"**

жаз да өтіп барады, күз іргелеп...  
айтқан әнің сияқты үзіп, бөлек.  
сен, ақ бұлттай арманның қанатысың,  
әуелеген аспанда жүзіп ерек.  
  
жаным әзір саялы жыр отымен.  
жылынады. жаяулап. күрең күннен.  
өзге ешбір әуенді естімеген  
жүрек атты тылсымның құдіретінен...  
  
түндер. күндер. парағы - ауды сағым.  
аңсатады ұялшақ тал құшағың.

біз білмейтін бір күздің жұмағында,  
жарығым-ау, мөлтеңдер, жанқұсарым!

**Семей, Бесін, 2021. 07. 26.**

### **ЭДУАРД АСАДОВтан**

*(аударма)*

#### **ЖҮРЕК СОНЕТИ**

Мен саған арнаған өлеңде,  
Айнала мәңгі жаз күлген.  
Күнәдан аршып көгенде,  
Мейіріммен Жарықты жаздым мен.  
Шегініп ойша қалдыра,..  
Жаныңнан жылу төгілген.  
Бәрінде, білсең, бар күнә,  
Онсыз да айтамын сеніммен.  
Сәулелеп жалғыз бар кескін,  
Мамық қар сынды жалт ойнап.  
Шаттыққа енген жанды ешкім –  
Кім райдан енді қайтармақ?  
Бұл – мендік әлемде шек жоқ қой!  
Балбалдай өлең ұшырған...  
Жүрекке, жаным, мөрлеп қой,  
Сонеттерімді ұсынған!

**2019 жыл, қараша,**

#### **БӘДӘУИ ЖЫР**

Үкі дүние үлпілдеген,  
Үттей сұлу шіркін дегем,  
Үмітіңнен қымбат не бар?  
Үзілмесін жыр тілменен...

Кеше, көктем ұшқан еді,  
Бүгін, күз кеп ұста реңі,  
Ертең, бізге, бақұл айтар,  
Қош-қошымен.. қысқа әуені...

Дүние осылай тозаң-толқын,  
Айырарсың, ажар-көркін,  
«Бір айтарың» ішке сыймай,  
Төңкерілген қазан-дертің...

Қағысынан есіл өмір.  
Ағысынан көш жүре біл.  
Сүю болған — бәдәуиге,  
Күю болған — КЕШІРЕ БІЛ...

**Семей, 05.09.21. 03:10**

### **ТӘУЕЛСІЗДІК — ТӘУ ТАҒЫМ!**

Көк туым тұр желбіреп,  
Көк аспанның астында.  
Көктүрік ел, ержүрек,  
Құдіретін білген Тастың да.  
Күнің ғайбыл арт та қап,  
Ширек ғасыр өрледің.  
Тәуелсіздік — ақпарақ.  
Ақ жүрегіме мөрледім.  
Алтын басын бабамның.  
Аруақтап, адақтап.  
Арайынан арманның.  
Тауларымнан қанат қақ.  
Оу, жусаның, боз қырым,  
Кешегі өткен дүбір ме?  
Қандай ғажап өздігім!

Шаңқылдаған үнің де!  
Зерін танып зердемнің,  
Мен ақ таңда ояндым.  
Күмбірлеген кеудем жыр,  
Бір жалт сәуле "аяу мұң" ...  
Аңсатқаны өткеннің.  
Төрінде тұр тал бесік.  
Бәйшешегі көктемнің.  
Бүрін ашып, ой көшіп.  
Тілдескенге, бар ізден,  
Тамырына бойлап құн.  
Тәуелсіздік жаңа ізбен,  
Аңызбен тең сой қалпың.  
Бір сөзімде қайран жоқ,  
Күн көзіндей — ұлы елім.  
...Сенде туған арлан боп.  
Ұлымас, қалай, жүрегім?!  
Қарап алға.. Ту ұстап...  
Найзадай тік жасқаған.  
Бірлігіңнен ырыс тап.  
Болашаққа бас қадам.  
Сүйемін Тәуелсіздікті!  
Сүйемдей сүйкім бұлтымен,  
Батыры қорғап жер — түпті,  
Ақыны өлең кілкіген,  
Беу, беу, Тәуелсіздігім!  
Сенің шуақты әр таңың,  
Менің жырым, дастаным.  
Анау көлдей шалқарым,  
Мынау белдей жас шағыл.  
Мен үнемі тыңдаған,  
Сазың тұр — ау, жер — кіндік.



Кешегі әнім: «Бір балаң!» ...  
Бүгінгі әнің: «Еркіндік!» ...  
Шырқалады, Шырқай бер.  
Шыңға шымқар Қыран Ел.  
Дәл өзіңдей ұлтан жер —  
Оған, мына, куәгер.  
Сұлу жердің Иесі;  
Бізбіз — сенсе, тәу — тағзым.  
— ТӘУЕЛСІЗДІК — «сый осы» ,  
Сыйып тұрған бар мазмұн!  
**Семей, 08. 08. 21.**

### **АНАСТАСИЯ**

Анастасия!  
Сен білсең ғой...  
Күндердің мұң қоюын.  
Түндердің сол жарығын.  
Сұп – суық бұл көңілім.  
Тып – тыныш арман ұғым.  
Білсе – е – ең ғой...  
Тұмандар – Тұмандықтар  
Бізге де Жыр түзерін.  
Ертістен мұнарытқан  
Шағала Сыр – түменін.  
Тастардың Мазмұнына;  
Жазылмас бос жолдарды.  
Жүректің Әжіміне;  
Қосылмас қос қолдарды.  
Өкінген Аспаптардың:  
Өткінші саздарына!  
Хафиздың... Науаидың...  
Шуағын арай күннің!

Меңіреу жандар құсап  
Құсадан талай күйдім.  
Алайда, білмеппін, қалай сүйдім!  
...әлі күнге...

**Маусым – Шілде, 2020 жыл,**

### **ҚАСЫМДАЙ ЖЫР ЖАЗБАСАМ...**

Қасымдай жыр жазбасам...  
Бұлақтан күміс жұтып.  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Жырақтан дүбір күтіп.  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Пердесін түн үздіртіп.  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Көмбесін жыр қыздыртып.

Қасымдай жыр жазбасам...  
Ай – Күн де құр шығар бұл?  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Айдын да сыңсыған тұл.  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Дүние, сілкін, қазір!  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Ей, Йем! Тұншығам, біл!..

Қасымдай жыр жазбасам...  
Қасымды сүйіндіріп.  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Тау – шыңды йілдіріп.  
Қасымдай жыр жазбасам...  
Жүректі тіліп жүріп.

Қасымдай жыр жазбасам...

Құдіреттің туын тігіп.

Қасымдай жыр жазбасам...

Бұлттарды жамылғы қып.

Қасымдай жыр жазбасам...

Шықтарды лағыл іліп.

Қасымдай жыр жазбасам...

Кенеттен дауыл тұрып!

Қасымдай жыр жазбасам...

Бөлек бір, сағындырып!

Қасымдай жыр жазбасам...

Қыр жусан жұлып маңнан.

Қасымдай жыр жазбасам...

Ыстық қан суып қалған.

Қасымдай жыр жазбасам...

Жылдардан уыттанған.

Қасымдай жыр жазбасам...

Нұрлы арман күліп таңнан.

Қасымдай жыр жазбасам...

Алаудың шоғын үрлеп.

Қасымдай жыр жазбасам...

Қаламын тоңып, жүдеп.

Қасымдай жыр жазбасам...

Айтпашы: “мені кім деп?”.

Қасымдай жыр жазбасам...

Байқашы, Тәңірім, тек!

Қасымдай жыр жазбасам...

Жерден бе, төрден Басым?

Қасымдай жыр жазбасам...

Кеудемде шер – қорғасын.

Жырларын оқып өскен:

Ақынның – ел болғасын!

...Оралдым, о, түнектен –

«Менмін ғой, келген ҚАСЫМ!»...

**Қараша, 2020 жыл,**

### **БІР КӨШЕ СЕН ЖҮРЕТІН**

Бір көше сен жүретін саябақсыз...

Бірнеше жылдар салып, жаяу атсыз.

Жүрмесе, жүрмесе деп, қарап тұрмын.

Жыр нөсер жүрегімнен жауады ақ күз...

Бір көше сен жүретін таң шұғыла...

Тілдесе, қалсаң, еркем, қарсы бұла.

Білмесең.. күймесем деп, қарап тұрдым.

Күнде сен шомылдырған жан сырыңа...

Бір көше сен жүретін санамалы...

Үндесе ойларыммен жағалауы.

Түнде, сен, жарығыңды сөндірмеуші ең

Ағарып таң атқаны маған – ауыр...

Жаным!

### **ЖАЗ СОҢЫНДАҒЫ ТҰМАННАН...**

Жаз соңындағы тұманнан,


Сезбеген екем мен нені? ..

Қуануменен жылаудан,

Сезбеген екем мен нені? ..

Сәуірде әуел сезіммен,

Гүл құшып ерке шаттанған.  
Таңғы шық мөлдір көзімнен,  
Үзіліп өлең бақ қалған.  
Арай нұр төгіп ақ таңдар,  
Арда күй кешкен ақының.  
Жүректі, жүректі, сақтаңдар,  
Сезбесін жаздың салқынын.  
Алтыным!



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
30 ЖЫЛ



Q  
QAZAQSTAN  
JASTARY



«Мәделіз елдің жастары» атты қаламыз  
әдебиет айналымы аясында

«Мәделіздік ақынның  
қаламында»

ақындар мұқабасы

14:00  
1.







